



OUTBACK





Бүге-шігесіне дейін ойластырылған

Subaru инженерлері кемелдіктің шегі жоқ екенін біледі. Сондықтан жаңа Outback автокөлігінің жасалуына негіз болған, сенімді әрі тексерілген шешімдерге инновациялық өзіндік қосылды. Оның көпшілікке танымал ілгері ұмтылған келбеті мұқият ойластырылған, әрбір сызығы мен әрбір бөлшегі технологиялық тәсіл мен жүргізушінің және жолаушылардың қажеттіліктерін толық қанағаттандыру философиясын білдіріп тұрады. Бұл миллиметрине дейін теңгерілген технологиялардың, жайлылықтың және жүргізуден алатын ләззаттың үйлестігі.

Жарықдиодты фаралар

Бұрылыстарды автоматты түрде жарықтандыратын көп функциялы фаралардың арқасында күндіз де, түнде де ерекше көзге түсіңіз. Рульдің бұрылу бағытына ілесіп отыратын фаралар түнгі уақыттағы қауіпсіздікті арттыру үшін бұрылыстарды жақсы жарықтандыруға көмектеседі. Стильді бұрылыс көрсеткіштері С пішінді габарит шамдарына кіріктірілген, осының арқасында фаралар сырт көзге ықшамды болып көрінгенімен, оның ерекше жарықтығы сақталған.



18 дюймдік жеңіл қорытпалы дөңгелек дискілері

Дөңгелек дискілерінің су жаңа дизайны. Сізге кез келген жол ашық, қалаған жеріңізге сапар шегіңіз, стильді дөңгелек дискілері Сіздің жаңа Subaru Outback автокөлігіңіздің мінезін айшықтап көрсетеді.





Әрбір сызығы ойластырылған дизайн

Интерьердегі инновациялық функциялар мен аса жоғары сапалы материалдардың біріктірілуі ішкі кеңістікті анағұрлым жайлы етуге арналған. Алдыңғы әйнек ұлғайтылған, аспаптар тақтасының ортасынан есіктерге қарай тартылған ұзын сызық көлем мен ерекше атмосфера түзеді. Ішіндегі жолаушылар өздерінің жан-жақтан қорғалғанын сезінетін кеңістік қалыптастыру үшін салонның төменгі бөлігінде сызықтардың айқындығы орталық консоль мен шынтақтаяныштар арқылы айшықталған. Интерьер дизайны сымбатты әрі көрнекті экстерьерге сәйкес келеді және SUBARU автокөлігінің ролінде және салонында ерекше жайбарақат отыруға мүмкіндік береді.

Шексіз ләззат

Жүксалғыштың ұлғайтылған кеңістігі мен есіктердің кеңінен ашылуы өлшемі үлкен заттарды тиеуді бұрынғыдан да ыңғайлы етеді. Кір жұқпайтын материалдардан жасалған қаптама қала сыртындағы өмірдің қызықтарынан ләззат алуға, сондай-ақ SUBARU автокөлігіңіздің жүксалғышын таза күйде сақтауға мүмкіндік береді.



60/40 арақатынаста жиналатын артқы орындықтар

Функционалды артқы орындықтар өзіңізге қажетті күйге жиылатын кезде ұзын өлшемді заттарды тасымалдау өлдеқайда қолайлы болады.



Жайлы орналастыру — бұл заттарға да қатысты!

Жүксалғыштың оң жақ бүйір қабырғасы тормен және қолайлы бекіту нүктелерімен жабдықталған. Заттарды ыңғайлы ойластырып орналастыру жүйесінің арқасында жаңа Subaru Outback автокөлігі жүксалғышының үлкен кеңістігі бұрынғыдан да кең болып көрінеді. Заттарды немесе сатып алған тауарларды бекітіп қойып, олардың бүтін сақталуына алаңдамасаңыз да болады.



Тез ашылу және жабылу

Жүксалғыштың бірден ысырылатын қалқасы тез алуыңыз керек затқа лезде жол ашады. Сондай-ақ заттарыңызды тез жауып қоюға мүмкіндік береді. Өзіңіз үшін маңызды заттарды күтіп ұстауға арналған қолайлы бекіткіштер мен сенімді механизм.

Кез келген жолдағы шексіз жайлылық

Басқару жеңілдігінің, бағыт тұрақтылығының және жайлылықтың жаңа деңгейінен ләззат алыңыз. Subaru Global Platform құрылысы мен жақсартылған симметриялы толық жетектің арқасында жаңа Outback автокөлігінің кез келген бағыттағы қозғалысы сондай жайлы сипатқа ие болды. Жол талғамайтын үздік сипаттамаларының және жүріс бөлігінің аса жайлы баптауының арқасында енді Сізге барлық жолдар ашық.



Жолсыз жермен жүру кезіндегі X-MODE көмекші жүйесі

Subaru Outback X-MODE жүйесінің арқасында жайлылықтан және жолсыз жермен жүру қабілетінен ләззат алыңыз. Ауа райы жағдайларына және жолға байланысты 11,6-дюймдік экраннан қажетті режимді [Қар/Саз] немесе [Омбы қар/Терең саз] ауыстырып қоссаңыз жеткілікті.

Үлкен, жеңіл оқылатын 11,6 дюймдік Full HD тік дисплейі

Диагоналі 11,6 дюйм болатын дисплей орталық консольде тігінен орналасқан. Жаңа Outback автокөлігі ақпарат алуға және ойын-сауыққа арналған мінсіз орта, себебі толықтай қайта өңделген ақпарат және ойын-сауық жүйесінің жаңа буынында барлық басқару элементтері түсінуге жеңіл етіліп арнайы әзірленген, ал олардың функционалы айтарлықтай кең.



Смартфондар мен планшеттерге ұқсас түсінуге жеңіл басқару

Ақпарат және ойын-сауық жүйесі тұрту, ысыру және жылжыту секілді үйреншікті қимылдардың көмегімен басқарылады. Қарапайым қолданылатын жүйе мәзірі және дауысты байланыс функциясы. Жиі қолданылатын элементтер: жылыту, апаттық аялдау сигналы, дыбыс деңгейінің және температураның реттегіштері жүйе мәзірінің түсінуге жеңіл элементтерін құрайды, жолдан алаңдамастан олармен жеңіл әрі тез жұмыс істеуге болады. Жақсартылған дауысты тану функциясы кондиционер баптауларын және басқа да функцияларды қолдың көмегімен жеңіл басқаруға мүмкіндік береді. Apple CarPlay және Android Auto жүйелеріне қолдау бар, сондықтан сапар кезінде өз смартфонның артықшылықтарын жеңіл пайдалана аласыз.

Жолдағы жайлылық

Аса жоғары сапалы материалдардан жасалған нағыз жайлы интерьер. Алдыңғы және артқы орындықтардағы орындар бұрынғыдан да кеңірек. Жолаушыларға арналған инновациялық функциялардың арқасында ұзақ сапардың өзі қызыққа толы саяхатқа айналады.



Аспаптар тақтасының түрлі түсті дисплейі

Аспаптар тақтасының 4,2 дюймдік түрлі түсті дисплейі дисплей бетінен қажетті ақпаратты тез оқуға мүмкіндік береді. Осының арқасында жүргізушінің назарын толықтай жолға аударуға мүмкіндігі болады.


Шолу камералары

Айнала шолу камералары бұған дейінгі модельдің кей модификацияларының өзінде қолжетімді болған. Енді олар барлық жинақтамаларға орнатылған. Орталық дисплейде тұнықтығы аса жоғары жақсартылған бірнеше цифрлық камераның кескінін көруге болады. Бұл маневрлерді қауіпсіз жасауға көмектеседі, сондай-ақ күрделі жол жағдайларында немесе жолсыз жердегі кедергілерден айналып өткенде күйзелісті қосымша төмендетеді.


Алдыңғы шолу камерасы



Бүйірлік шолу камерасы



Жұғышы және динамикалық белгілері бар артқы көрініс камерасы



SUBARU ИНЖЕНЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Сенім артуға болатын технологиялар

Subaru инженерлік технологиялары әрбір автокөлікке үздік қуаттылық, жайлылық және сенімділік сипаттарын береді. Ең бастысы, олар барлық жолаушыларда байсалдық сезімін, қауіпсіздікте екенін және, әрине, сапардан рақат алу сезімін айқындап тұрады.





SUBARU ЖАҒАНДЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ (SGP)

Subaru автокөліктерінің су жаңа буынының негізі болатын жоғары технологиялық платформа. Жан-жақты қауіпсіздікті және техникалық сипаттамаларды жақсартып отырып, бұл платформа тек Subaru автокөлігінде болатын жүргізу кезіндегі бірегей сезімдерді сыйлайды. Бұл жүргізушіге және жолаушыларға анағұрлым қауіпсіздікті және ләззат алу сезімін алуды қамтамасыз етеді.


ТОЛЫҚ ЖЕТЕК ЖҮЙЕСІ

Кез келген жол жағдайында және ауа райында сапардан ләззат алуыңыз үшін қозғалтқыш қуаты төрт дөңгелектің әрқайсысына үздіксіз және тиімді беріліп отырады. Жүйенің негізгі компоненттері симметриялы орналасқандықтан, автокөлік салмағы барлық дөңгелектерге тең үлестіріледі, ал төмен орналасқан ауырлық ортасы автокөліктің жүрісін толықтай болжауға мүмкіндік береді.



ОТЫНДЫ ТІКЕЛЕЙ БҮРКУ ЖҮЙЕСІ БАР 2,5 Л-ЛІК ҚОЗҒАЛТҚЫШ

Қуат көрсеткіштерін арттыру және отынды үнемдеу үшін біршама жақсартылған және қайта жасалған сенімді және тексерілген мотор. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін қозғалтқыш бөлшектерінің 90%-ға жуығы жаңадан жобаланған. Соның нәтижесінде акселератор педалінің басылу жұмсақтығы мен оған жауап қайтару әрекеті анағұрлым жақсарды. Қозғалтқыштың температура режимін басқару жүйесі оның салқын күйде оталдырылуы кезінде жылдам қызуына көмектеседі, отын үнемділігін жоғарылатып, салонның тез жылытылуын қамтамасыз етеді.



LINEARTRONIC ТРАНСМИССИЯСЫ

Жаңа Subaru Outback автокөлігінде жылдамдық үдетуді және отын үнемділігін жақсарту мақсатында трансмиссияның беріліс сандары кеңейтіліп, оның жалпы салмағы жеңілдетілген. Гидравликалық жүйеде тұтқырлығы төмен май қолданылады, ол вариатордың алдыңғы моделімен салыстырғанда, үйкеліс шығынын 32%-ға төмендетеді. Қол режимінде әртүрлі жүргізу стильдеріне арналған сегіз бекітілген беріліс бар.

АЙНЫМАЛЫ БЕРІЛІС ҚАТЫНАСЫ БАР РУЛЬ МЕХАНИЗМІ (VGR)

Руль дөңгелегінің бұрылу бұрышына байланысты өзгертін беріліс саны қаланың тар көшелерінде маневрді тамаша жасауды, сондай-ақ автокөліктің жоғары жылдамдықтағы тұрақтылығын қамтамасыз етеді. VGR (Variable Gear Ratio) көмегімен рульдің максималды бұрылу бұрышында беріліс санының өзгеруі автокөлікті бір қолмен-ақ басқаруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге автокөлік жоғары жылдамдықта рульмен басқаруға шектен тыс шұғыл реакциялар көрсетпейді.

SUBARU INTELLIGENT DRIVE ЖҮЙЕСІ (SI-DRIVE)

SI-DRIVE жүйесі автокөлікті кез келген жол жағдайларында жүргізу стиліңізді ескере отырып басқаруға мүмкіндік береді. «Интеллектуалды» режим күнделікті сапарға өте қолайлы және айналдыру сәтін бірқалыпты өзгертіп, жанармайдың аз шығындайтынымен сипатталады. Sport режимі кез келген қозғалыс жылдамдығында қозғалтқыштың нақты жауап қатуын қамтамасыз етеді. Акселератор педалін басқан кезде, лезде кері байланысты және жоғарғы айналдыру моментін сезінесіз.



БЕЙІМДЕЛЕТІН НЕГІЗГІ ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ (ADB)

Бейімделетін негізгі жарықтандыру жүйесі қарсы келе жатқан және бағыттас көлік құралдарындағы жүргізушілердің көздерін қарықтырмау үшін жарық шоғын үлестіруді динамикалық түрде басқарады. Бұл ретте қалған аймақтар максималды жарықтандырылған күйінде қалады.

АВТОКӨЛІКТІ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ҰСТАП ТҰРУ ФУНКЦИЯСЫ (AVH)

Толық тоқтағаннан кейін Auto Vehicle Hold функциясы тежегіш педалі жіберілгеннің өзінде автокөлікті автоматты түрде бір орында ұстап тұрады, бұл кептелістерде қозғалғанда жүргізушінің шаршауын төмендетеді.



БҰРЫЛЫСТАРДЫ ДИНАМИКАЛЫҚ ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ (SRH)


Бұрылыстарда жүрген кезде, жүйе руль дөңгелегінің күйіне және автокөліктің қозғалу жылдамдығына байланысты фаралардың жарық шоғын автоматты түрде өзгертеді.

СТАРТ-СТОП ЖҮЙЕСІ

Көмірқышқыл газының шығарылуын азайту және отын үнемдеуді жақсарту үшін старт-стоп жүйесі, мысалы, бағдаршамда автокөлік тоқтаған кезде қозғалтқыштың автоматты түрде сөндірілуін қамтамасыз етеді.

Subaru жан-жақты қауіпсіздігі

Subaru үшін қауіпсіздік ең бірінші орында. Сол себепті Subaru инженерлері 50 жылдан ұзақ ең озық қауіпсіздік функциялары мен технологияларын баптаумен және сынаумен айналысып келеді. Subaru «ең алдымен адамдар» саясатын қатаң ұстанады, соқтығыстардан қорғау және олардың алдын алу бойынша ең жаңа Subaru жүйелерінің арқасында жан-жақты қауіпсіздікті үнемі жетілдіріп отырады және болашаққа жол-көлік апатынсыз күн ілгері қадам жасайды. Сонымен бірге Subaru Global Platform жаңа платформасының және симметриялы толық жетектің (AWD) арқасында.



Subaru қауіпсіздігінің 4 қағидасы

БАСТАПҚЫ

Бастапқы қауіпсіздік әзірлеу кезеңінде басталады. Тамаша көру мүмкіндігі, жүргізушінің оңтайлы отырысы және түсінуге жеңіл басқару элементтері қозғалыс басталмай тұрып-ақ қауіпсіздікті және сенімділікті көрсетеді.

ПАССИВТІ

Шанақ конструкциясы, қозғалтқыштың орналасуы және SRS қауіпсіздік жастықтары көлік соқтығысқан жағдайда пассивті қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

БЕЛСЕНДІ

Симметриялы толық жетектің және SGP платформасының, белсенді қауіпсіздік жүйесінің арқасында жайбарақат отырып, сапардан ләззат алуыңыз үшін бұрылыстарда және тежеу кезінде автокөлігіңіздің дәлме-дәл бақылауда болуы қамтамасыз етіледі.

ПРЕВЕНТИВТІ

EyeSight жүйесі сияқты озық қауіпсіздік технологияларының арқасында қауіпсіздікті алдын алу жүйесі ықтимал соқтығысу жағдайларының алдын алуға көмектеседі.




Бастапқы қауіпсіздік



Тамаша көру мүмкіндігі мен жүргізушінің шаршауын төмендететін орындықтар базалық деңгейдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Жүргізушінің орнынан көру мүмкіндігін жақсарту үшін алдыңғы әйнек ұлғайтылған. Алдыңғы тіреулердің қалыңдығы, терезелердің өлшемі және сыртқы айналардың орналасуы көзден таса аймақтарды азайту үшін оңтайландырылған. Орындықтың анатомиялық дұрыс пішінінің және орындық қаптамасында жүктелген бөліктерде қатты толтырғыштың қолданылуы есебінен жүргізушінің денесі ең дұрыс қалыпта ұсталып тұрады.

Белсенді қауіпсіздік


Динамикалық тұрақтандыру жүйесі мен тарту векторын белсенді басқару жүйесі



Динамикалық тұрақтандыру жүйесі тұрақтылықты жоғалтқан немесе белгіленген траекториядан ауытқыған кезде траекторияны қалпына келтіру үшін айналдыру моментінің үлестірілуін өзгертеді, әрбір дөңгелектегі оның шамасын және тежегіш механизмдерін басқарады.

Тарту векторын белсенді басқару жүйесінің арқасында бұрылыстардан өту кезінде ішкі дөңгелектердің (бұрылыста) аздап тежелуінің және екі сыртқы дөңгелектердегі айналдыру моментінің ұлғаюы есебінен автокөлік белгіленген траекторияда тұрақты ұсталады.

Қауіп-қатердің алдын алу



Жаңа SGP платформасы мүмкіндіктерінің, төмен орналасқан ауырлық ортасының, жақсартылған қаттылығы мен аспасының арқасында автокөлік жүргізушінің жасайтын әрекеттеріне сай лезде жауап қатып, жол үстінде көмектеседі.

Пассивті қауіпсіздік

Сақина тәріздес пішінді күшейтілген қаңқа




Конструкцияда төбені және еденді бүйірлік тіреулермен байланыстырып тұратын шеңбер пішінді құрылым қолданылады, ол автокөліктің бүкіл салонын қамтитын өзіндік бір «торды» құрап тұрады. Мұндай конструкция жүргізушінің және жолаушылардың сенімді қорғанысын қамтамасыз етіп, кез келген бағыттан тиген соққыларды тиімді жұтады.

Жолаушыларды қорғайтын конструкция



Әрбір Subaru автокөлігі аса жоғары қауіпсіздік деңгейімен ерекшеленеді. Subaru автокөліктері дәстүрге айналған Subaru BOXER көлденең-опозитті қозғалтқышымен жабдықталады. Өзінің шағын биіктігінің және жалпақ конструкциясының арқасында қозғалтқыш бетпе-бет соқтығысу кезінде күштік агрегаттың салонға кіріп кету қаупін болдырмай, автокөліктің түбіне қарай ығысады.

Қауіпсіздік жастықтары




Жаңа Subaru Outback автокөлігінде соқтығысу жағдайында жоғары қорғаныс деңгейін қамтамасыз ететін 8 қауіпсіздік жастығы қарастырылған: екі алдыңғы, екі бүйірлік, жүргізушінің тізесіне арналған қауіпсіздік жастығы, жолаушы орындығының төменгі бөлігіндегі қосымша қауіпсіздік жастығы, сондай-ақ барлық орындық қатарына арналған қауіпсіздік перделері.

Жолаушының қосымша қауіпсіздік жастығы




Алдыңғы жолаушыға арналып орындықтың төменгі бөлігіне кіріктірілген бір қауіпсіздік жастығы орнатылған, ол бетпе-бет соқтығысу жағдайында жолаушының қауіпсіздік белбеуімен оңтайлы ұсталуын қамтамасыз етеді және оның аяқтарының жарақат алу қаупін төмендетеді.

EyeSight ескертуші қауіпсіздік жүйелерінің топтамасы




АЛДЫҒЫ СТЕРЕОКАМЕРА

- Автоматты түрде төтенше тежеу жүйесі
- Автоматты түрде төтенше маневр жасау жүйесі
- Бейімделетін круиз-контроль
- Алдағы автокөлікке еріп жүрген кездегі бейімделетін рульді басқару жүйесі
- Қозғалыс жолағында ұстауға көмектесетін жүйе
- Қозғалыс жолағының ортасында ұстау жүйесі
- Жүргізушінің шаршауын бағалау жүйесі
- Акселераторды апат алды басқару жүйесі
- Алдағы автокөліктің қозғала бастағанын ескерту жүйесі



САЛОН ІШІНДЕГІ КАМЕРА

- Бетті анықтау функциясы бар жүргізушінің ахуалын қадағалау жүйесі (DMS)



АРТҚЫ РАДАРЛАР

- Көзден таса аймақтардағы нысандарды анықтау жүйесі (BSD)
- Артқа жүру кезінде көлденең бағыттағы көлік құралына соқтығысу ықтималдығын ескерту жүйесі (RCTA)
- Қозғалыс жолағын ауыстыратын кездегі көмектесу жүйесі (LCA)




АРТҚЫ БАМПЕРДЕГІ ДАТЧИКТЕР

- Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі (RAB)

EyeSight Safety Plus превентивті қауіпсіздік жүйелері топтамасы




Стереокамераның шолу бұрышын айтарлықтай ұлғайту және бағдарламалық жасақтаманың өнімділігін арттыру есебінен кедергілерді және ықтимал қауіпқатерді анықтау тиімділігі жақсартылды. Стереокамераның бекіту конструкциясы енді объективке абайсызда тиіп кету ықтималдығына жол бермейді. Руль дірілін немесе дыбыс сигналын пайдаланатын жаңа ескерту жүйесі қолданылды. Сонымен бірге алдыңғы әйнекте EyeSight жүйесінің жұмыс режимдерінің жарықдиодты проекциясы пайда болды.



АВТОМАТТЫ ШҰҒЫЛ ТЕЖЕУ ЖҮЙЕСІ

Жүргізушіге алдағы автокөлікке немесе кедергіге соқтығысудан сақтану бойынша әрекеттер жасауына мүмкіндік беру үшін жүйе қозғалыс бағытындағы қашықтықтың қысқарғаны туралы ескертеді. Егер жүргізуші ескертуді елемесе, соқтығысудан болатын зақымдану дәрежесін төмендету немесе мүмкін болса, апаттың алдын алу үшін автоматты түрде тежегіштер іске қосылады. Енді жүйе жол қиылыстарынан өту кезінде туындайтын қауіпті жағдайлардың жаңа түрлерін анықтай алады.



АВТОМАТТЫ ШҰҒЫЛ МАНЕВР ЖАСАУ ЖҮЙЕСІ


Көлік құралына, жаяу жүргіншіге немесе велосипедшіге соқтығысу қаупі туындаған жағдайда автоматты төтенше тежеу жүйесіне қоса руль де іске қосылуы мүмкін. Соқтығысудың алдын алу үшін тек тежеуді қолдану жеткіліксіз болған жағдайда жүйе іске қосылады.



АЛДАҒЫ АВТОКӨЛІКТІҢ АРТЫНАН ІЛЕСІП ЖҮРГЕН КЕЗДЕ БЕЙІМДЕЛЕТІН РУЛЬ ЖҮЙЕСІ/ҚОЗҒАЛЫС ЖОЛАҒЫНЫҢ ОРТАСЫНДА ҰСТАУ ЖҮЙЕСІ

Бейімделетін круиз-контроль автокөліктің белгіленген жылдамдығын ұстап отырады және алда дәл осы қозғалыс жолағында автокөлік жүріп бара жатқан болса, жүйе осы автокөлікке дейінгі арақашықтықты сақтау үшін жылдамдықты реттеп отырады. Бейімделетін круиз-контроль қолданылған жағдайда жолдың белгілеу сызықтарын немесе алдыда жүріп бара жатқан автокөлікті анықтау мүмкіндігі болған жағдайда жүйе автокөлікті қозғалыс жолағының ортасында ұстайды немесе алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің артынан қозғалуды қамтамасыз ете отырып, рульге әсер етеді.

EyeSight ескертуші қауіпсіздік жүйелерінің топтамасы



Қозғалыс жолағында ұстауға көмектесетін жүйе

Бұл функция автокөліктің абайсызда қозғалыс жолағынан шығып кетпеуіне көмектеседі. Ол жолдың белгі сызықтарын (мысалы, ақ сызықтарды) қадағалайды, жүргізушіге қозғалыс жолағынан шығып кетуге жақын қалғаны туралы ескертеді, сондай-ақ автокөлікті жолақта ұстау үшін рульдің күйіне қысқа мерзімді түзетулер жүргізеді.



Акселераторды апат алды басқару жүйесі

Егер EyeSight жүйесі автокөлік алдында кедергінің бар екенін анықтаса, ал селектор «Drive» күйіне қойылған болса, жүйе жүргізушіге ескертеді, сондай-ақ автокөліктің бұрыс бағытта қозғалуын мейілінше азайту үшін қозғалтқыштың қуатын шектейді.



Алдағы автокөліктің қозғала бастағанын ескерту жүйесі

EyeSight жүргізушіге алдағы тоқтап тұрған автокөліктің жүре бастағаны, ал жүргізуші автокөлігінің өлі қозғалмағаны туралы хабарлайды.



Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі RAB

Артқа жүру кезінде жүйе автокөліктің артында тұрған нысандарды анықтау үшін артқы бамперде орналасқан 4 датчикті қолданады, жүргізушіге ондай кедергілер туралы дыбыс сигналымен ескертеді және соқтығысуды болдырмау немесе соқтығысудан болатын зақымдану дәрежесін төмендету үшін тежегішті автоматты түрде іске қосады.



Автокөлік артындағы нысандарды анықтау жүйесінің кешені (SRVD)

Автокөлік артындағы нысандарды анықтау жүйесінің кешені автокөліктің артқы бамперінің астында орнатылған радарларды қолдана отырып, жүргізушінің назарын арттағы көзден таса аймақтардағы нысандарға аудартады, сондай-ақ артқа жүру кезінде соқтығысудың ықтимал қаупі туралы ескертеді. Артқы жүріспен жүрген кезде көлденең бағыттағы көлік құралымен ықтимал соқтығысу туралы ескерту жүйесі (RCTA) Артқа жүру кезінде (селектор R күйінде) жүйе оң жақта немесе сол жақта жақындап келе жатқан нысандардың бар-жоғын анықтайды және соқтығысу қаупі болған жағдайда, жүргізушіге ескертеді.

Көзден таса аймақтардағы нысандарды анықтау жүйесі (BSD) Жүйе көзден таса аймақтағы көлік құралдарының бар-жоғын анықтайды және жүргізушіге бүйірлік айнадағы индикаторлардың көмегімен ескертеді. Егер осы кезде жүргізуші бұрылыс көрсеткішін қосса, жүйе қосымша дыбыс сигналын іске қосады. Қозғалыс жолағын ауыстыратын кездегі көмектесу жүйесі (LCA) Бұрылыс көрсеткіші қосылған кезде жүйе көршілес қозғалыс жолағында тез қозғалып келе жатқан көлік құралдарының бар-жоғын анықтайды және жүргізушіге жолақты ауыстыру кезінде соқтығысу қаупі туралы хабарлайды.

Жүргізушінің шаршауын бағалау жүйесі

Автокөліктің қозғалыс жолағынан жүйелі түрде ығысуын немесе жолақ шегінде тербелуін анықтаған жағдайда жүйе жүргізушіге рульді дірілдетіп немесе дыбыс сигналын беріп ескертеді.



Жүргізушінің күйін қадағалау жүйесі (Driver Monitoring System)

Арнайы камерамен және бағдарламалық кешенмен жабдықталған жүргізушінің күйін қадағалау жүйесі (DMS)* жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, жүргізушінің ұйқысы келген белгілері анықталған немесе жүргізуші алаңдаған және жолға қарамай отырған әрбір жағдайда ескерту береді.



Seguridad ескертуі

DMS жүйесі жүргізуші көздерінің жұмылып бара жатқанын немесе жанарының ұзақ уақыт бойы басқа жаққа бағытталғанын анықтаған кезде, ол жүргізушінің алаңдап отырғанын немесе ұйықтап бара жатқанын анықтайды және жүргізушіге дыбыс сигналының және аспаптар тақтасы мен көп функциялы дисплейдегі визуалды сигналдардың көмегімен ескертеді. Inversa*3.



Баптаулардың автоматты реттелуі

Жүйе жасына және дене бітіміне қарамастан бес жүргізушіге дейін танып ажыратады және орындықты, айналарды, климат-контрольді әрбір жүргізуші үшін алдын ала тіркелген баптауларға сәйкес автоматты түрде баптайды.

МОДЕЛЬДЕР

OUTBACK PREMIUM

Габариттері:..... ҰхЕхБ: 4870мм / 1875мм / 1670мм
Қозғалтқыш:..... Бензинді, көлденең-опозиттік, 4 цилиндрлі,
4 тактілі, DOHC, 16 клапан
Көлемі:..... 2498 см³
Максималды қуаты: 138 кВт (188 а.к.) / 5800 айн/мин.
Максималды айналдыру моменті:... 245 Нм / 3400-4600 айн/мин
Трансмиссия:..... LINEARTRONIC, тұрақты толық жетек



OUTBACK FIELD

Габариттері:..... ҰхЕхБ: 4870мм / 1875мм / 1675мм
Қозғалтқыш:..... Бензинді, көлденең-опозитті, 4 цилиндрлі,
4 тактілі, DOHC, 16 клапан
Көлемі:..... 2498 см³
Максималды қуаты: 138 кВт (188 а.к.) / 5800 айн/мин
Максималды айналдыру моменті:... 245 Нм / 3400-4600 айн/мин
Трансмиссия:..... LINEARTRONIC, тұрақты толық жетек



MAGNETITE GRAY METALLIC (ҚАРА СҰР МЕТАЛЛИК)



BRILLIANT BRONZE METALLIC (ҚОЛА ТҮСТІ МЕТАЛЛИК)

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



1 Жарықдиодты тұман фаралары

Қолайсыз ауа райы жағдайларында сенімді және жайлы жүргізуге көмектесетін жарықдиодты тұман фаралары. Жарқын LED шамдар жолды және жол шетін қосымша жарықтандыра отырып, жүргізушінің көзін қарықтырмай, жарықтың дұрыс таралуын қамтамасыз етеді.

2 Алдыңғы және артқы бамперлердің қорғанышы

Алдыңғы және артқы бамперлердегі қосымша қорғаныш элементтері қаланың тар көшелерінде маневр жасау кезінде, сондай-ақ жолсыз жерлермен және қара жолмен жүрген кезде жүргізушіге сенімділік сыйлайды.

3 Кіріктірілген көлденең элементтері бар рейлингтер

Оларды бөлек сатып алу қажет емес, олар рейлингке кіріктірілген. Жүкті қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ету үшін жай ғана бекітпе көмегімен арнайы ілмектерге бекітіп қойсаңыз болғаны.

4 Орындықтар мен айналардың жады

Қолайлылық пен жайлылыққа арналған жүргізуші орындығы мен сыртқы артқы көрініс айналары күйінің жады функциясы. Артқа жүру берілісі қосылған кезде көру мүмкіндігін жақсарту үшін оң жақтағы айна автоматты түрде төмен еңкейеді.

5 USB ағытпалары және 12V розеткалар

Жаңа Subaru Outback автокөлігінің интерьерінде заманауи қажеттіліктер ескеріліп, жолаушылар мен жүргізушінің жайлылығына ерекше көңіл бөлінген. Мобильді құрылғыларды зарядтау үшін салонның алдыңғы және артқы бөліктерінде екі-екіден USB ағытпалары қарастырылған. Компрессор, шаңсорғыш және т.с.с. қуатты көбірек қажет ететін құрылғыларды жалғау қажет болса, жүксалғыштағы немесе ұсақтүйектерге арналған жәшіктегі 12V розетканы пайдаланыңыз.

6 Ұсақ-түйек тартпасы бар артқы шынтақтаяныш және алдыңғы ортаңғы бокс

Интерьерде салон ішінде ұсақ-түйектер мен заттар сақтауға арналған көп орын қарастырылған. Алдыңғы орталық боксқа суы бар бірнеше бөтелкені оңай сыйғызуға болады. Ал артқы орындықтардағы жолаушылардың жайлылығы үшін көп функциялы шынтақтаяныш қарастырылған.

7 Бөтелкелерге арналған бүйірлік қалталар

Есіктердің бүйірлік қалталарында бөтелкелерге арналған көлемі ұлғайтылған бөлімдер қарастырылған.

8 Рульдің және алдыңғы/артқы орындықтардың жылытқышы

Subaru Outback — жылдың кез келген маусымына арналған автокөлік. Далада күн суыған кезде — салон ішінде әрдайым жылы, себебі температурасы реттелетін орындық жылытқышы алдыңғы және артқы орындықтар үшін арнайы қарастырылған. Сонымен бірге жүргізушінің жайлылығы үшін руль жылытқышы да қарастырылған.

9 Арнайы су сіңірмейтін жабыны бар эко былғары

Материалдарды заманауи технологиялар бойынша дайындау және сіңіртудің арқасында тамаша сипаттамаларға және бірегей экологиялық қасиеттерге қол жеткізу мүмкін болды. Арнайы су сіңірмейтін жабыны бар эко былғары өзінің қасиеттерін жоғалтпастан, ұзақ уақыт бойы қызмет етеді. Жасанды былғарыға күтім жасау да, салон ішін таза ұстауға да жеңіл. Су сіңірмейтін жабын тіпті сұйықтық орындыққа кездейсоқ төгілген жағдайда да дақтар мен іздер қалдырмайды.


ШАНАҚ ТҮСІ



CRYSTAL WHITE PEARL
(АҚ СЕДЕП)




ICE SILVER METALLIC
(КҮМІС ТҮСТІ МЕТАЛЛИК)




MAGNETITE GRAY METALLIC
(ҚАРА СҰР МЕТАЛЛИК)



CRYSTAL BLACK SILICA
(ҚАРА МЕТАЛЛИК)



SAPPHIRE BLUE PEARL
(КӨК СЕДЕП)



AUTUMN GREEN METALLIC
(СҰР-ЖАСЫЛ МЕТАЛЛИК)




BRILLIANT BRONZE METALLIC
(ҚОЛА ТҮСТІ МЕТАЛЛИК)




CRIMSON RED PEARL
(ҚОЮ ҚЫЗЫЛ СЕДЕП)

ОРЫНДЫҚТАРДЫҢ МАТЕРИАЛЫ

Полиуретан




Орындықтың тігісі




Орындықтың артқы жағы

Қара мата



Орындықтың тігісі



Орындықтың артқы жағы

Шексіз ләззат

Subaru Outback автокөлігіне арнайы әзірленген түпнұсқа аксессуарлар автокөліктің бүкіл әлеуетін аша түседі. Жүк тасымалдауға арналған ыңғайлы шешімдер жолға қажетті заттардың бәрін алуға, автокөлік ішіндегі кеңістікті барынша пайдалануға мүмкіндік береді, ал стильді бөлшектер автокөліктің экстерьері мен интерьеріне жеке сипат беріп, қосымша жайлылық пен қорғанысты қамтамасыз етеді. Subaru Outback автокөлігін жүргізуден қашан да, қай жерде де ләззат алуыңыз үшін жоғары сапалы материалдардан жасалған түпнұсқа аксессуарлар автокөліктің жеке параметрлерінің бәрін ескереді.



1 Шашыранды қалқасы



2 Жүксалғышқа арналған түпқойма



3 Салонға арналған кілемшелер



4 Болаттан жасалған қозғалтқыш қорғанышы



5 Жүксалғыш табалдырығына арналған қаптама



6 Терезелердегі дефлекторлар



Subaru компаниясы мен автокөліктері туралы барлық жаңалықтан үнемі хабардар болу үшін біздің сайтымызға кіріңіз.

subaru.kz



Subaru туралы соңғы бейнелерді көру үшін біздің арнамызға жазылыңыз және пікірлерге қосылыңыз.

youtube.com/subarukazakhstan



Subaru қоғамдастығымен бірге байланыста болыңыз, сонда ең соңғы жаңалықтарды бірінші болып білесіз.

facebook.com/subaru.kz





Бүкіл Қазақстаннан жиналған достарымыздың мыңдаған фотосуреті. Subaru ресми қоғамдастығына жазылыңыз.

instagram.com/subaru.kazakhstan/

ГАБАРИТТЕРІ

Өлшемдер Subaru корпорациясының стандарттарына сәйкес берілген



* Field моделінің биіктігі 1670 мм

Функциялардың, опциялардың немесе топтамалардың барлығы кейбір модельдер мен аймақтар үшін қолжетімді емес. Ақпаратты техникалық сипаттамалар парағынан анықтаңыз. Толық ақпарат алу үшін Subaru ресми дилеріне хабарласыңыз.

SUBARU CORPORATION алдын ала хабарламастан, спецификацияны және жабықты өзгерту құқығын сақтап қалады. Толық ақпарат алу үшін Subaru ресми дилеріне хабарласыңыз.



SUBARU CORPORATION

